

Жұмыс топтары мен сараптау кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1994 жылғы 28 шілде N 296

Металлургия және химия кәсіпорындарының Көлік, энергетика және көмір өнеркәсібі кәсіпорындарымен жұмысын үйлестіру, оларды дағдарыстан шығару, халық шаруашылығының аралас салалары арасындағы өзара есеп айырысу мәселелерін шешу және экспорт өнімдерін шығаруды арттыру үшін:

1. Қосымшаға сәйкес тұрақты жұмыс істейтін жұмыс топтары мен Сараптау кеңесі құрылсын.

Жұмыс топтарына Қазақстан Республикасының халық шаруашылығы салаларын жедел басқарудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу құқығы берілсін.

Жұмыс топтары мен Сараптау кеңесіне жалпы басшылық жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі В.В.Костюченкоға жүктелсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі /Костюченко В.В. /, Көлік және коммуникациялар министрлігі /Есенғарин Н.Қ./, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі /Кармаков В.В./ Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері мен ведомстволарын тарта отырып, бір апта мерзімде:

2.1. Тариф, өзара есеп айырысу және тауар кредиттері бойынша ведомствоаралық комиссиялар құрылсын, оларға:

экспорт өнімдерін шығаратын кәсіпорындар үшін жүк тасымалдау және қуат көздерінің бағасына келісу;

ведомствоға қарасты кәсіпорындардың төлемеген жағдайын қарау және олардың арасында өзара есеп айырысу жүргізу;

кәсіпорындарды дағдарыстан шығару мақсатында нақты бағдарламаларға кредиттер тарту жөнінде шешімдер қабылдау үшін өкілеттіктер берілсін.

2.2. Экспорт өнімдерін шығаратын кәсіпорындарға қызмет көрсететін коммерциялық банктердің қаржы жағдайын сауықтыру жөнінде ұсыныс әзірленіп, енгізілсін.

2.3. 1995 жылғы 1 қаңтарға дейін халық тұтынатын тауарлар

мен салынып жатқан объектілер үшін жабдықтар беру көзделген баспа-бас айырбас лицензиялары бойынша экспорт өнімдерін жіберу тоқтатылсын.

<*>

Ескерту. 2 тармақтың 2.3 тармақшасындағы сөздер алмастырылды
- ҚР Премьер-министрінің 1994 жылғы 1 желтоқсандағы

№ 483 өкімімен.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Экономика министрлігімен бірлесіп, 1994 жылғы тамыз-қыркүйекте жақын және алыс шет елдерге экспорт квоталарын қайта бөлсін.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1994 жылғы 28 шілдедегі
№ 296 өкіміне
Қосымша

Тұрақты жұмыс істейтін жұмыс топтары:

БІРІНШІ ТОП:

- Шевелев В.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары /топ жетекшісі/
- Зазулин А.В. - "КРАМДС- чермет" акционерлік қоғамының президенті
- Кереев А.И. - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің экономика және қаржы басқармасы бастығының орынбасары
- Клякин В.В. - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі көмір өнеркәсібі бас басқармасының бастығы
- Мирко В.А. - Қарағанды металлургия комбинатының бас инженері
- Оралбаев Ж.К. - "Қазыбек" Мемлекеттік сыртқы сауда компаниясының бас директоры
- Садчиков Б.Я. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Кен-металлургия кешені жөніндегі департаментінің атқарушы

Сүйінов Н.К. директорының орынбасары
- "Қазақстанэнерго" Мемлекеттік
энергетика компаниясының қаржы
және баға белгілеу басқармасының
бастығы

Хайыров К.Б. - "Қазақстансауда" Мемлекеттік
сыртқы сауда компаниясының бас
директоры

Кәсіпорындар:

Қарағанды металлургия комбинаты, Соколов-Сарыбай мемлекеттік
өндірістік бірлестігі, "Атасуруда" акционерлік қоғамы, "Лисаков
кен-байыту комбинаты" акционерлік қоғамы.

ЕКІНШІ ТОП:

Бітімбаев М.Ж. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп
және сауда министрінің орынбасары -
Өнеркәсіп және сауда министрлігінің
Кен-металлургия кешені жөніндегі
департаментінің бас директоры

Гогишвили В.А. - "Отырар" мемлекеттік сыртқы сауда
компаниясының бас директоры

Матвеев В.К. - "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық
акционерлік компаниясының

Орынбеков Ғ.А. вице-президенті
- "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық
акционерлік компаниясының
вице-президенті

Смайылов С.Д. - "Қазметаллэкспорт" Мемлекеттік
сыртқы сауда компаниясының бас
директоры

Қазақстан Республикасының түсті металлургия кәсіпорындары.
Екінші жұмыс тобының құрамында екі бағыт бөліп көрсетілсін:
полиметалл саласы ішіндегі кәсіпорындарды дамыту және басқару
жөнінде;
мыс саласы ішіндегі кәсіпорындарды дамыту және басқару жөнінде.

ҮШІНШІ ТОП:

- Баяндаров А.И. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Кен-металлургия кешені жөніндегі департаментінің атқарушы директоры /топ жетекшісі/
- Жұманбаев В.К. - "Қазахинторг" Мемлекеттік сыртқы сауда компаниясының бас директоры
- Сарыбаев Б.О. - "КРАМДС-хромит" акционерлік қоғамының президенті
- Селифонов Е.М. - "Геоинцентр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры
- Тастанов Е.А. - "Павлодар алюминий зауыты" акционерлік қоғамының бас өкілі

Кәсіпорындар: "Дөң кен-байыту комбинаты" акционерлік қоғамы, "Қайсар" Мемлекеттік холдинг компаниясы, "Ертіс" Республикалық технологиялық концерні.

ТӨРТІНШІ ТОП:

- Бегалинов А.Б. - "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының президенті /топ жетекшісі/
- Мұртазаев М.А. - "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының вице-президенті
- Олифиренко В.Ф. - "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясының вице-президенті

Қазақстан Республикасының алтын өндіруші және алтын өңдеуші өнеркәсіп орындары.

БЕСІНШІ ТОП:

- Шалваров А.А. - "КАТЭП" атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі Ұлттық акционерлік компаниясының

вице-президенті

"КАТЭП" атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі Ұлттық акционерлік компаниясының құрамына кіретін кәсіпорындар

АЛТЫНШЫ ТОП:

Әкімов Б.М. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары /топ жетекшісі/

Атабаев М.Д. - "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының президенті

Бияров М.Н. - "Қазақстанимпекс" Мемлекеттік сыртқы сауда компаниясының бас директоры

Передереев В.И. - "Химпром" Мемлекеттік холдинг компаниясының президенті

"Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы мен "Химпром" Мемлекеттік холдинг компаниясына кіретін кәсіпорындар.

САРАПТАУ КЕҢЕСІ:

Әбдірахманов А.М. - Қазақстан Әлем Банкінің бөлім бастығы

Әбдіреев Б.С. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің коммуникациялар және байланысты дамыту басқармасының бастығы

Абдулуалиева Т.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары

Асқарбаев С.Д. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің экспорт және импорт басқармасының бастығы

Ахметов Ф.И. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің өнеркәсіптің базалық салалары басқармасының бастығы

Баладурын Н.М. - "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясының вице-президенті

- Батуров Л.Т. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің отын-энергетика кешені экономикасы мен баланстар басқармасының бастығы
- Бірімжанов Р.Б. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің экспорт және импорт басқармасы бастығының орынбасары
- Дюгай Н.Н. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қаржы-кредит саясаты басқармасы бастығының орынбасары
- Есенов М.Ш. - "Қазинтерметалл" Мемлекеттік сыртқы сауда компаниясының бас директоры
- Махмутов Б. - "Отырар" Мемлекеттік сыртқы сауда компаниясының бас директоры
- Мироевский Г.П. - Қазақ Кен-металлургия кешенінің коммерциялық банкі басқармасы төрағасының орынбасары
- Олиярник Л.Н. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өнеркәсіптің базалық салаларын қаржыландыру басқармасы бастығының орынбасары
- Омарова Г.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің валюта-қаржы бөлімінің бастығы
- Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары
- Селифонов Е.М. - "Геоинцентр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры
- Төлепов М.О. - "Тұранбанк" Қазақ акционерлік банкінің инвестициялар басқармасының бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК